Силлабус

«Дәрілік өсімдік шикізатын фармакопеялық талдау» пәнінің жұмыс оқу бағдарламасы
«7М10142- Фармация» Білім беру бағдарламасы (ғ.п.)

1.	**Пән туралы жалпы мағлұмат**		
1.1	Пән коды: M- DOShFT	1.6	Оқу жылы: 2025-2026
1.2	Пән атауы: Дәрілік өсімдік шикізатын фармакопеялық талдау	1.7	Курс: 2
1.3	Реквизитке дейінгі: Өсімдіктер мен жануарлардан алынатын дәрілік шикізатты фитохимиялық талдаудың ерекшеліктері	1.8	Семестр: 3
1.4	Реквизиттен кейінгі: Дәрілік шикізатты заманауи талдау әдістері	1.9	Кредиттер саны (ECTS): 4
1.5	Цикл: БпН	1.10	Компонент: ТК

2.	**Пәннің мазмұны (50 сөзден аспайды)**
Мемлекеттік фармакопея талаптары мен халықаралық стандарттар негізінде дәрілік өсімдік шикізатын фармакопеялық талдау саласында кәсіби білім мен дағдылар жүйесін қалыптастыру, дәрілік заттардың түпнұсқалығын, қатерсіздігін және құрамын айқындау әдістемесін меңгеру; өсімдік шикізатының сапасын сыни бағалау, фитопрепараттарды стандарттау және сертификаттау дағдыларын дамыту. Өсімдік шикізатын диагностикалауда жасанды интеллект пен нейрондық желілерді қолдану және тиімді және қауіпсіз дәрі-дәрмектерді құру перспективалары.	

3.	**Жиынтық бағалау түрі**		
3.1	Тестілеу	3.5	Курстық
3.2	Жазбаша	3.6	Эссе
3.3	Ауызша ✓	3.7	Жоба
3.4	Тесттік сұрақтар құру	3.8	Басқа (көрсету)

4.	**Пәннің мақсаты**
Жинақтарды, шөп ұнтақтарын және олардан оралған дәрілік формаларды стандарттау және сапасын бақылау мәселелері бойынша магистранттар арасында білімдерін дамыту; магистранттардың өз бетінше жұмыс істеуге дайындығын арттыру; фармакогнозияның өзекті мәселелері бойынша магистранттардың білімдерін кеңейту	

5.	**Пәнді оқытудың соңғы нәтижелері**
ОН1	**Денсаулық сақтау саласындағы зерттеулердің пәнаралық сипатын білу мен түсінуді көрсету:** - Дәрілік өсімдік шикізатының сапасын көрсететін нормативті-техникалық құжаттар және халықаралық стандарттар, олардың құрылымы, денсаулық сақтау саласында ҚР заңнамасы, дәрілік өсімдік шикізатын дайындау ережесі, сақтау жағдайлары және уақыты, Қазақстанның құқық жүйесінің негізі туралы білімін көрсетеді.
ОН2	**Денсаулық сақтау саласындағы зерттеу, кәсіби және педагогикалық қызметте қолданбалы сипаттағы жаңа білім мен дағдыларды игеру қабілеті:** - Химиялық зертханада қауіпсіздік техника ережелері, стандарттау және стандарттар, стандарттау кезінде заңнамаларды, дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты туралы негізгі түсініктерді біледі. Өсімдік және жануартектес дәрілік шикізатының

	фитохимиялық талдау әдістерін біледі. Магистранттың кәсіптік қызметіне қажетті біліктілікті және дағдыларды қалыптастыруды біледі.	
ОН3	**Денсаулық сақтау саласын дамыту және өз біліктілігі шеңберінде жаңа тәсілдерді енгізу үшін ғылыми ақпаратты пайдалану:** - АНҚ сәйкес келетін әдістердің көмегімен шикізатта ББЗ, экстрактивті заттарды, ылғалдылықты, күлділіктің сандық мөлшерін анықтайды. - ДӨШ қабылдау ережелерін орындайды, НТҚ сәйкес талдауға сынама алады, статистикалық өңдеу жүргізеді, тауарлық талдаудың нәтижесін рәсімдейді. - Халықаралық стандартқа, басқа нормативті-техникалық құжатқа, денсаулық сақтау саласындағы заңға және негізгі құқықтық жүйеге сәйкес ДӨШ дайындауды жүргізеді және сапасын анықтайды.	
ОН4	**Денсаулық сақтау саласындағы кәсіби мамандарға да, маман еместерге де ақпаратты, идеяларды, қорытындыларды, проблемалар мен шешімдерді анық және бір мағыналы хабарлау:** - Фитотерапияда қолданылатын дәрілік өсімдік шикізатымен жұмыс істеуге қажетті болашақ маман үшін керек ғылыми және кәсіптік әдебиеттермен жұмыс істеу қабілеттілігін көрсетеді. - Халықаралық стандартқа, басқа нормативті-техникалық құжатқа, денсаулық сақтау саласындағы заңға және негізгі құқықтық жүйеге сәйкес ДӨШ дайындауды жүргізеді және сапасын анықтайды, жағдайлық міндеттерді шешеді.	
ОН5	**Ғылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктерін негізге ала отырып, денсаулық сақтау саласындағы өз біліктілік саласындағы кәсіби қызметті жоспарлау:** - Дәрілік өсімдік шикізатының шынайылығын көрсететін сандық көрсеткіштерді және оларды анықтау әдістерін, ДӨШ стандарттау жүйесін, талдау әдістердің инновациялық түрлерін, бизнес-жоспарды, ДӨ аясында негізгі ғылыми зерттеу бағыттарын біледі. - Стандарттау саласында кәсіптік қызметте қолданылатын ақпаратты өңдеу және сақтау, компьютерде жинақтау техникасын және технологиясын игергендігі туралы білімін көрсете алады.	
5.1	Пәннің ОН	Пәнді оқыту нәтижелерімен байланысты білім беру бағдарламасының оқыту нәтижелері
	ОН1 ОН2	**ОН2** Фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын субъектілерде дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау, тасымалдау және сапасын бақылау жағдайларын жасау жөніндегі жұмысты ұйымдастырады.
	ОН3 ОН4 ОН5	**ОН4** Өзін-өзі инспекциялауды және дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сақтау, өткізу және айналымы кезінде олардың сапа деңгейін қолдау жөніндегі шаралар кешенін әзірлеуді жүргізеді. Цифрлық технологияларды пайдалана отырып, дәрілік заттардың сапасын бақылау рәсімдерін ұйымдастырады.
6.	**Пән туралы толық ақпарат**	
6.1	Өткізу орны (ғимарат, аудитория): Әл-Фараби алаңы-1, Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы, бас ғимарат, фармакогнозия кафедрасы, 5 қабат, аудитория № 513 А,Б; 515 А, Б. Телефон (АТС) 40-82-06 (ішкі. - 240).	

6.2	Сағат саны:	Дәріс	Тәжі	Зерт.	ОБ	БӨЖ

			рибелік. сабақ	сабақ	ӨЖ	
		-	40	-	12	68

7.	**Оқытушылар туралы мәліметтер**		
№	Т.А.Ж.	Дәрежесі және лауазымы	Электрондық адресі
1.	Орынбасарова Кульпан Кенжебаевна	фарм.ғ.к.,профессор	kulpan_ok@mail.ru
2.	Оразбеков Еркебұлан Қуандықұлы	PhD, доцент м.а.	ok.yerke@gmail.com

8.	**Тақырыптық жоспар**					
Апта/ күн	**Тақырып атауы**	**Пәннің қысқаша мазмұны**	**Пән-нің ОН**	**Сағат саны**	**Оқытудың әдістері/ технологиялары**	**Бағалау түрлері/ әдістері**
1.	**Тәжірибелік сабақ.** Фармакогнозияның ғылым ретіндегі қазіргі жағдайы және даму болашағы. Дәрілік өсімдік шикізаты мен дәрілік өсімдік препараттарын стандарттау сапаны қамтамасыз етудің маңызды кезеңі ретінде.	Фармакогнозия ғылымы және білім берудің дамуындағы қазіргі заманғы тенденциялар. Дәрілік өсімдік шикізаты мен дәрілік өсімдік препараттарын стандарттау.	ОН 1,2,3	3	Семинар	Ауызша бақылау, тест тапсырмаларын орындау
	ОБӨЖ/БӨЖ Дәрілік өсімдік шикізаты мен дәрілік өсімдік препараттарын стандарттау және сапасын бақылау саласындағы нормативтік құжаттамалар.	Дәрілік өсімдік шикізаты мен дәрілік өсімдік препараттарын стандарттау және сапасын бақылау саласындағы нормативтік құжаттамалар (Фармакопея, АНҚ, УАНҚ,	ОН 4,5	1/3	Презентация, эссе	Презентация және эссе дайындау

		техникалық регламент). Дәрілік заттарды стандарттау, нормативтік құжаттама (НҚ): қолданыстағы бұйрықтар, нұсқаулықтар, олардың заңнамалық сипаты.				
2.	**Тәжірибелік сабақ.** Дәрілік өсімдік шикізатына арналған отандық және әлемдік сапа стандарттары.	Дәрілік өсімдік шикізатына арналған отандық (ҚР МФ 1,2,3 томдары) және әлемдік (Ресей, Ұлыбритания Еуропа, АҚШ елдерінің фармакопеяла-ры) сапа стандарттарына шолу.	ОН 1,2	3	Case study	Ситуациялық тапсырмалар-ды шешу, тест тапсырмалар ын орындау
	ОБӨЖ/БӨЖ Фармацевтикалық ұйымдар жағдайында дәрілік өсімдік шикізатынан алынған препараттардың сапасын бақылауды қамтамасыз ету қабілеті.	Дәрілік заттардың сапасын бақылау кезінде пайдаланылатын талдау әдістері.	ОН 1,2,3	1/3	RBL. Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс	Ғылыми мақалаларды талдау
3.	**Тәжірибелік сабақ.** Дәрілік өсімдік шикізаты мен дәрілік өсімдік препараттарын жіктеудің заманауи тәсілдері.	Дәрілік өсімдік шикізаты мен дәрілік өсімдік препараттарын жіктеудің заманауи тәсілдерінің артықшылық-тары мен кемшіліктері.	ОН 1,2,3	2	Семинар	Ауызша бақылау, тест тапсырмалар ын орындау

	ОБӨЖ/БӨЖ Дәрілік өсімдік шикізаты мен фитопрепараттарды стандарттау саласындағы зерттеулердің қазіргі жағдайы.	Қазіргі кездегі дәрілік өсімдіктерден алынған фитопрепарат-тардың стандарттау преспективасы. Өсімдіктен алынатын дәрілік заттарға талдау жүргізуді регламенттейтін негізгі нормативтік құжаттар.	ОН 4,5	-/4	Презентация, эссе	Презентация және эссе дайындау
4.	**Тәжірибелік сабақ.** Дәрілік өсімдік шикізатын қабылдау ережесі, сынамаларды алу әдістері және сапасын бақылау.	Дәрілік өсімдік шикізатын қабылдау ережесі және талдау үшін сынама алу әдістері. Өлшеп-оралған өнімнің сынамаларын іріктеу. Дәрілік өсімдік заттарының орташа және талдамалық сынамаларын іріктеу.	ОН 4,5	3	Case study	Ситуациялық тапсырмалар-ды шешу, тест тапсырмалар ын орындау
	ОБӨЖ/БӨЖ Дәрілік өсімдік шикізаты: сынамаларды іріктеу және үлгілерді дайындау.	Дәрілік өсімдік шикізатының сынамаларын алу.Өлшеп-оралған өнімнің сынамаларын іріктеу.	ОН 1,2,3	1/3	RBL. Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс	Ғылыми мақалаларды талдау
5.	**Тәжірибелік сабақ.** Дәрілік өсімдік шикізатының ұсақталу дәрежесін анықтау.	Дәрілік өсімдік шикізатының ұсақталу дәрежесін анықтау. «Ұсақталу» көрсеткішіне қойылатын талаптар.	ОН 4,5	3	Семинар	Ауызша бақылау, тест тапсырмалар ын орындау

	ОБӨЖ/БӨЖ Дәрілік өсімдіктерден алынған сығындының «құрғақ қалдық» көрсеткішін анықтау.	Дәрілік өсімдіктерден алынған сығындының «Құрғақ қалдық» көрсеткішін анықтау. «Құрғақ қалдық» көрсеткішіне қойылатын талаптар.	ОН 4,5	1/3	Презентация, эссе	Презентация және эссе дайындау
6.	**Тәжірибелік сабақ.** Дәрілік өсімдік шикізаты мен дәрілік өсімдік препараттарының ылғалдылығын анықтау.	Дәрілік өсімдік шикізатының ылғалдылығын анықтау. ДӨШ әртүрлі морфологиялық топтарына олардың ұсақталуына байланысты «Ылғалдылық» көрсеткіші бойынша қойылатын талаптар.	ОН 4,5	2	Case study	Ситуациялық тапсырмалар-ды шешу, тест тапсырмалар ын орындау
	ОБӨЖ/БӨЖ Дәрілік өсімдік шикізатындағы және дәрілік өсімдік препараттарындағы экстрактивті заттардың мөлшерін анықтау.	Дәрілік өсімдік шикізатындағы және дәрілік өсімдік препараттарындағы экстрактивті заттардың мөлшерін анықтау.	ОН 4,5	-/4	RBL. Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс	Ғылыми мақалаларды талдау
7.	**Тәжірибелік сабақ.** Дәрілік өсімдік шикізаты мен дәрілік өсімдік препараттарындағы қоспалардың ұсақтығын және құрамын анықтау.	Дәрілік өсімдік шикізаты мен дәрілік өсімдік препараттарын-дағы қоспалардың ұсақтығын және құрамын анықтау. «Ұсақталу» көрсеткіші.	ОН 4,5	3	Семинар	Ауызша бақылау, тест тапсырмалар ын орындау

	ОБӨЖ/БӨЖ Аралық бақылау №1	Алған білім мен жетістіктерді жүйелеу және бақылау.	ОН 1,2,3	1/3	Ауызша бақылау	Ауызша бақылау
8.	**Тәжірибелік сабақ.** Дәрілік өсімдік шикізаты мен дәрілік өсімдік препараттарындағы ауыр металдар мен күшәннің мөлшерін анықтау.	Дәрілік өсімдік шикізаты мен дәрілік өсімдік препараттарын-дағы ауыр металдар мен күшәннің мөлшерін анықтау.	ОН 1,2,3	3	Семинар	Ауызша бақылау, тест тапсырмалар ын орындау
	ОБӨЖ/БӨЖ Дәрілік өсімдік шикізатындағы жалпы күлді, 10% тұз қышқылында ерімейтін күлін анықтау.	Дәрілік өсімдік шикізатындағы жалпы күлді анықтау. ДӨШ әртүрлі морфологиялық топтарына қойылатын «Жалпы күл» көрсеткіші бойынша талаптар. Әлемдік фармакопеялар-дың монографияла-рында ұсынылған жалпы күлді анықтау әдістерінің айырмашылық-тары. «10% тұз қышқылында ерімейтін ерімейтін күл» көрсеткіші бойынша қойылатын талаптар.	ОН 1,2,3	1/3	Презентация, эссе	Презентация және эссе дайындау
9.	**Тәжірибелік сабақ.** Дәрілік өсімдік шикізатындағы және дәрілік	Дәрілік өсімдік шикізатындағы және дәрілік өсімдік препараттарын-	ОН 1,2,3	2	Case study	Ситуациялық тапсырмалар-ды шешу, тест тапсырмалар

	өсімдік препараттарындағы радионуклидтердің мөлшерін анықтау.	дағы радионуклидтердің мөлшерін анықтау.				ын орындау
	ОБӨЖ/БӨЖ Дәрілік өсімдік шикізатын және дәрілік өсімдік препараттарын сақтау ережелері.	Дәрілік өсімдік шикізатын және дәрілік өсімдік препараттарын фармакопея талаптарына сәйкес сақтау ережелері. Сақтау орындары.	ОН 4,5	-/4	RBL. Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс	Ғылыми мақалаларды талдау
10.	**Тәжірибелік сабақ.** Дәрілік өсімдік шикізаты мен дәрілік өсімдік препараттарын буып-түю, таңбалау және тасымалдау ережелері.	Дәрілік өсімдік шикізаты мен дәрілік өсімдік препараттарын орау ережелері. Дәрілік өсімдік шикізаты мен дәрілік өсімдік препараттарын таңбалау ережелері. Дәрілік өсімдік шикізатын және дәрілік өсімдік препараттарын тасымалдау жағдайлары.	ОН 1,2,3	3	Семинар	Ауызша бақылау, тест тапсырмаларын орындау
	ОБӨЖ/БӨЖ Дәрілік өсімдік шикізатындағы микробиологиялық тазалықты анықтау.	Дәрілік өсімдік шикізатынан жасалынған дайын дәрілік заттардағы микробиология-лық тазалықты анықтауға қойылатын талаптар.	ОН 4,5	1/3	Презентация, эссе	Презентация және эссе дайындау
11.	**Тәжірибелік сабақ.** Дәрілік өсімдік шикізатының қамба	Дәрілік өсімдік шикізатының қор зиянкестерімен залалдану дәрежесі. Талдау	ОН 1,2,3	3	Case study	Ситуациялық тапсырмалар-ды шешу, тест тапсырмалар

	зиянкестерімен залалдану дәрежесін анықтау.	зертханасында пайдаланылатын қамба зиянкестерімен шикізаттың залалдануын анықтау әдістері.				ын орындау
	ОБӨЖ/БӨЖ Дәрілік жинақтарды фармакопеялық талдау әдістері.	Дәрілік жинақтарды сапалық және сандық талдау. Дәрілік жинақтарды дайындау технологиялары.	ОН 4,5	1/3	RBL. Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс	Ғылыми мақалаларды талдау
12.	**Тәжірибелік сабақ.** Дәрілік заттардың сапасын бақылауда қолданылатын аналитикалық химияның аспаптық әдістері.	Химиялық талдау әдістері. Спектрлік талдау әдістері. Талдаудың электрохимия-лық әдістері.	ОН 1,2,3	2	Семинар	Ауызша бақылау, тест тапсырмалар ын орындау
	ОБӨЖ/БӨЖ Дәрілік өсімдік шикізатын микроскопиялық және микрохимиялық зерттеу техникасы.	Дәрілік өсімдік шикізатын микроскопия-лық және микрохимиялық зерттеу техникасы. Люминесцентті микроскопия.	ОН 4,5	-/4	Презентация, эссе	Презентация және эссе дайындау
13.	**Тәжірибелік сабақ.** Майдаланған дәрілік өсімдік шикізатындағы пестицидтерді анықтау.	Дәрілік өсімдік шикізатындағы пестицидтерді анықтау. Қалдық пестицидтерді (құрамында хлор бар) анықтау.	ОН 1,2,3	3	Case study	Ситуациялық тапсырмалар-ды шешу, тест тапсырмалар ын орындау
	ОБӨЖ/БӨЖ Дәрілік өсімдік шикізатынан алынған қайнатпаға	Дәрілік өсімдік шикізатынан алынған қайнатпаға қойылатын	ОН 4,5	1/3	RBL. Әдебиетпен және электронды мәліметтер	Ғылыми мақалаларды талдау

	қойылатын фармакопеялық талаптар.	фармакопеялық талдау (салыстырмалы тығыздық, құрғақ қалдық, этанол, метанол және 2-пропанол, ауыр металдар) талаптары.			базасымен жұмыс	
14.	**Тәжірибелік сабақ.** Майдаланған дәрілік өсімдік шикізатындағы пестицидтерді анықтау.	Дәрілік өсімдік шикізатындағы пестицидтерді анықтау. Қалдық пестицидтерді (құрамында хлор бар) анықтау.	ОН 1,2,3	3	Семинар	Ауызша бақылау, тест тапсырмаларын орындау
	ОБӨЖ/БӨЖ Дәрілік өсімдік шикізатынан алынған қайнатпаға қойылатын фармакопеялық талаптар.	Дәрілік өсімдік шикізатынан алынған қайнатпаға қойылатын фармакопеялық талдау (салыстырмалы тығыздық, құрғақ қалдық, этанол, метанол және 2-пропанол, ауыр металдар) талаптары.	ОН 4,5	-/4	Презентация, эссе	Презентация және эссе дайындау
15.	**Тәжірибелік сабақ.** Дәріханалар мен фармацевтикалық кәсіпорындарда фитопрепараттарды дайындау және олардың сапасын бақылау.	Дәріхана мекемелеріндегіДӨШ сапасын бақылау. Өсімдік шикізатынан дәрілік заттарды дайындауға және талдауға арналған үй-жайға қойылатын талаптармен танысу.	ОН 1,2,3	2	Case study	Ситуациялық тапсырмаларды шешу, тест тапсырмаларын орындау
	ОБӨЖ/БӨЖ Аралық бақылау №2	Алған білім мен жетістіктерді жүйелеу және	ОН 4,5	1/4	Ауызша бақылау	Ауызша бақылау

		бақылау.				
Аралық аттестаттауды дайындау және өткізу 12 сағ						
9.	**Оқыту әдістері және бақылау түрлері**					
9.1	Тәжірибелік сабақ	Семинар. Ауызша бақылау,тест тапсырмаларын орындау. Case study. Ситуациялық тапсырмаларды шешу				
9.2	ДӨЖ/ОДӨЖ	Презентация , эссе. RBL. Әдебиетпен және электронды мәліметтер базасымен жұмыс. Ғылыми мақалаларды талдау				
9.3	Аралық бақылау	Ауызша бақылау				
10.	**Бағалау критерийлері**					
10.1	**Пәннің оқыту нәтижелерін бағалау критерийлері**					

№ ОН	**Оқыту нәтижелері**	**Қанағаттанарлықсыз**	**Қанағаттанарлық**	**Жақсы**	**Өте жақсы**
ОН 1	**Денсаулық сақтау саласындағы зерттеулердің пәнаралық сипатын білу мен түсінуді көрсету:** - Дәрілік өсімдік шикізатының сапасын көрсететін нормативті-техникалық құжаттар және халықаралық стандарттар, олардың құрылымы, денсаулық сақтау саласында ҚР заңнамасы, дәрілік өсімдік шикізатын дайындау ережесі, сақтау жағдайлары және уақыты, Қазақстанның құқық жүйесінің негізі туралы білімін көрсетеді.	1. Дәрілік өсімдік шикізатының сапасын көрсететін нормативті-техникалық құжаттар және халықаралық стандарттар, олардың құрылымы, денсаулық сақтау саласында ҚР заңнамасын білмейді. 2. Дәрілік өсімдік шикізатын дайындау ережесі, сақтау жағдайлары және уақыты, Қазақстанның құқық жүйесінің	1. Дәрілік өсімдік шикізатының сапасын көрсететін нормативті-техникалық құжаттар және халықаралық стандарттар, олардың құрылымы, денсаулық сақтау саласында ҚР заңнамасын толық білмейді. 2. Дәрілік өсімдік шикізатын дайындау ережесі, сақтау жағдайлары және уақыты, Қазақстанн	1. Дәрілік өсімдік шикізатының сапасын көрсететін нормативті-техникалық құжаттар және халықаралық стандарттар, олардың құрылымы, денсаулық сақтау саласында ҚР заңнамасын біледі. 2. Дәрілік өсімдік шикізатын дайындау ережесі, сақтау жағдайлары және уақыты, Қазақстанның құқық	1. Дәрілік өсімдік шикізатының сапасын көрсететін нормативті-техникалық құжаттар және халықаралық стандарттар, олардың құрылымы, денсаулық сақтау саласында ҚР заңнамасын жақсы біледі және қолдана алады. 2. Дәрілік өсімдік шикізатын дайындау ережесі, сақтау жағдайлары және уақыты, Қазақстанның құқық жүйесінің негізі туралы

		негізі туралы білімін нақтылай алмайды.	ың құқық жүйесінің негізі туралы білімін бағдарлайды.	жүйесінің негізі туралы білімін жетік біледі.	білімін көрсетеді және талқылауға қатысады.
ОН 2	**Денсаулық сақтау саласындағы зерттеу, кәсіби және педагогикалық қызметте қолданбалы сипаттағы жаңа білім мен дағдыларды игеру қабілеті:** Химиялық зертханада қауіпсіздік техника ережелері, стандарттау және стандарттар, стандарттау кезінде заңнамаларды, дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты туралы негізгі түсініктерді біледі. Өсімдік және жануартектес дәрілік шикізатының фитохимиялық талдау әдістерін біледі. Магистранттың кәсіптік қызметіне қажетті біліктілікті және дағдыларды қалыптастыруды біледі.	1. Химиялық зертханада қауіпсіздік техника ережелері, стандарттау және стандарттар, стандарттау кезінде заңнамаларды, дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты туралы негізгі түсініктерді білмейді. 2. Өсімдік және жануартектес дәрілік шикізатының фитохимиялық талдау әдістерін түсінбейді. 3. Магистранттың кәсіптік қызметіне қажетті біліктілікті және дағдыларды қалыптастыра алмайды.	1. Химиялық зертханада қауіпсіздік техника ережелері, стандарттау және стандарттар, стандарттау кезінде заңнамаларды, дәрілік өсімдіктер және дәрілік қсімдік шикізаты туралы негізгі түсініктерді толық білмейді. 2. Өсімдік және жануартектес дәрілік шикізатының фитохимиялық талдау әдістерін мазмұндайды. 3. Магистранттың кәсіптік қызметіне қажетті білімді жоғары дәрежеде	1. Химиялық зертханада қауіпсіздік техника ережелері, стандарттау және стандарттар, стандарттау кезінде заңнамаларды, дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты туралы негізгі түсініктерді біледі. 2. Өсімдік және жануартектес дәрілік шикізатының фитохимиялық талдау әдістерін біледі. 3. Магистранттың кәсіптік қызметіне қажетті білімді жоғары дәрежеде көрсете алады.	1. Химиялық зертханада қауіпсіздік техника ережелері, стандарттау және стандарттар, стандарттау кезінде заңнамаларды, дәрілік өсімдіктер және дәрілік өсімдік шикізаты туралы негізгі түсініктерді біледі және талқылауға қатысады. 2. Өсімдік және жануартектес дәрілік шикізатының фитохимиялық талдау әдістерін жетік біледі және талдаулар жасай алады. 3. Магистранттың кәсіптік қызметіне қажетті біліктілікті және

			көрсете алмайды.		дағдыларды толық көрсете алады.
ОН 3	**Денсаулық сақтау саласын дамыту және өз біліктілігі шеңберінде жаңа тәсілдерді енгізу үшін ғылыми ақпаратты пайдалану:** АНҚ сәйкес келетін әдістердің көмегімен шикізатта ББЗ, экстрактивті заттарды, ылғалдылықты, күлділіктің сандық мөлшерін анықтайды. ДӨШ қабылдау ережелерін орындайды, НТҚ сәйкес талдауға сынама алады, статистикалық өңдеу жүргізеді, тауарлық талдаудың нәтижесін рәсімдейді. Халықаралық стандартқа, басқа нормативті-техникалық құжатқа, денсаулық сақтау саласындағы заңға және негізгі құқықтық жүйеге сәйкес ДӨШ дайындауды жүргізеді және сапасын анықтайды.	1. АНҚ сәйкес келетін әдістердің көмегімен шикізатта ББЗ, экстрактивті заттарды, ылғалдылықты, күлділіктің сандық мөлшерін анықтай алмайды. 2. ДӨШ қабылдау ережелерін орындайды, НТҚ сәйкес талдауға сынама алады, статистикалық өңдеу жүргізеді, тауарлық талдаудың нәтижесін рәсімдеуді білмейді. 3.Халықаралық стандартқа, басқа нормативті-техникалық құжатқа, денсаулық сақтау саласындағы заңға және негізгі құқықтық жүйеге сәйкес ДӨШ дайындауды	1. АНҚ сәйкес келетін әдістердің көмегімен шикізатта ББЗ, экстрактивті заттарды, ылғалдылықты, күлділіктің сандық мөлшерін анықтайды. 2. ДӨШ қабылдау ережелерін орындайды, НТҚ сәйкес талдауға сынама алады, статистикалық өңдеу жүргізеді, тауарлық талдаудың нәтижесін рәсімдей алмайды. 3.Халықаралық стандартқа, басқа нормативті-техникалық құжатқа, денсаулық сақтау саласындағы заңға және негізгі құқықтық жүйеге сәйкес ДӨШ	1. АНҚ сәйкес келетін әдістердің көмегімен шикізатта ББЗ, экстрактивті заттарды, ылғалдылықты, күлділіктің сандық мөлшерін анықтайды. 2. ДӨШ қабылдау ережелерін орындайды, НТҚ сәйкес талдауға сынама алады, статистикалық өңдеу жүргізеді, тауарлық талдаудың нәтижесін рәсімдеуді жетік біледі. 3.Халықаралық стандартқа, басқа нормативті-техникалық құжатқа, денсаулық сақтау саласындағы заңға және негізгі құқықтық жүйеге сәйкес ДӨШ дайындауды	1. АНҚ сәйкес келетін әдістердің көмегімен шикізатта ББЗ, экстрактивті заттарды, ылғалдылықты, күлділіктің сандық мөлшерін анықтайды және нәтижелерді қорытынылай алады. 2. ДӨШ қабылдау ережелерін орындайды, НТҚ сәйкес талдауға сынама алады, статистикалық өңдеу жүргізеді, тауарлық талдаудың нәтижесін рәсімдейді және нәтижелерді талдайды. 3.Халықаралық стандартқа, басқа нормативті-техникалық құжатқа, денсаулық сақтау саласындағы заңға және негізгі құқықтық

		жүргізеді және сапасын анықтай алмайды.	дайындауды жүргізеді және сапасын анықтай алмайды.	жүргізеді.	жүйеге сәйкес ДӨШ дайындауды жүргізеді және сапасын анықтайды.
ОН 4	**Денсаулық сақтау саласындағы кәсіби мамандарға да, маман еместерге де ақпаратты, идеяларды, қорытындыларды, проблемалар мен шешімдерді анық және бір мағыналы хабарлау:** Фитотерапияда қолданылатын дәрілік өсімдік шикізатымен жұмыс істеуге қажетті болашақ маман үшін керек ғылыми және кәсіптік әдебиеттермен жұмыс істеу қабілеттілігін көрсетеді. Халықаралық стандартқа, басқа нормативті-техникалық құжатқа, денсаулық сақтау саласындағы заңға және негізгі құқықтық жүйеге сәйкес ДӨШ дайындауды жүргізеді және сапасын анықтайды, жағдайлық міндеттерді шешеді.	1.Фитотерапияда қолданылатын дәрілік өсімдік шикізатымен жұмыс істеуге қажетті болашақ маман үшін керек ғылыми және кәсіптік әдебиеттермен жұмыс істей алмайды. 2.Халықаралық стандартқа, басқа нормативті-техникалық құжатқа, денсаулық сақтау саласындағы заңға және негізгі құқықтық жүйеге сәйкес ДӨШ дайындауды жүзеге асыра алмайды.	1.Фитотерапияда қолданылатын дәрілік өсімдік шикізатымен жұмыс істеуге қажетті болашақ маман үшін керек ғылыми және кәсіптік әдебиеттермен жұмыс істеуді түсінбейді. 2.Халықаралық стандартқа, басқа нормативті-техникалық құжатқа, денсаулық сақтау саласындағы заңға және негізгі құқықтық жүйеге сәйкес ДӨШ дайындауды жүргізеді және сапасын анықтайды.	1.Фитотерапияда қолданылатын дәрілік өсімдік шикізатымен жұмыс істеуге қажетті болашақ маман үшін керек ғылыми және кәсіптік әдебиеттермен жұмыс істеу қабілеттілігін көрсетеді. 2.Халықаралық стандартқа, басқа нормативті-техникалық құжатқа, денсаулық сақтау саласындағы заңға және негізгі құқықтық жүйеге сәйкес ДӨШ дайындауды жүргізеді және сапасын анықтайды.	1.Фитотерапияда қолданылатын дәрілік өсімдік шикізатымен жұмыс істеуге қажетті болашақ маман үшін керек ғылыми және кәсіптік әдебиеттермен жұмыс істеу қабілеттілігін жоғары дәрежеде көрсетеді. 2. Халықаралық стандартқа, басқа нормативті-техникалық құжатқа, денсаулық сақтау саласындағы заңға және негізгі құқықтық жүйеге сәйкес ДӨШ дайындауды жүргізеді және сапасын анықтайды, жағдайлық міндеттерді шешеді, талқылауларға қатысады.
ОН 5	**Ғылым мен практиканың қазіргі заманғы жетістіктерін негізге ала отырып,**	1. Дәрілік өсімдік шикізатының шынайылығын көрсететін	1. Дәрілік өсімдік шикізатының шынайылығын көрсететін	1. Дәрілік өсімдік шикізатының шынайылығын көрсететін	1. Дәрілік өсімдік шикізатының шынайылығын көрсететін

	денсаулық сақтау саласындағы өз біліктілік саласындағы кәсіби қызметті жоспарлау: Дәрілік өсімдік шикізатының шынайылығын көрсететін сандық көрсеткіштерді және оларды анықтау әдістерін, ДӨШ стандарттау жүйесін, талдау әдістердің инновациялық түрлерін, бизнес-жоспарды, ДӨ аясында негізгі ғылыми зерттеу бағыттарын біледі. Стандарттау саласында кәсіптік қызметте қолданылатын ақпаратты өңдеу және сақтау, компьютерде жинақтау техникасын және технологиясын игергендігі туралы білімін көрсете алады.	сандық көрсеткіштерді және оларды анықтау әдістерін, ДӨШ стандарттау жүйесін, талдау әдістердің инновациялық түрлерін, бизнес-жоспарды, ДӨ аясында негізгі ғылыми зерттеу бағыттарын білмейді. 2. Стандарттау саласында кәсіптік қызметте қолданылатын ақпаратты өңдеу және сақтау, компьютерде жинақтау тезникасын және технологиясын игергендігі туралы білімін көрсете алмайды.	сандық көрсеткіштерді және оларды анықтау әдістерін, ДӨШ стандарттау жүйесін, талдау әдістердің инновациялық түрлерін, бизнес-жоспарды, ДӨ аясында негізгі ғылыми зерттеу бағыттарын анықтай алмайды. 2. Стандарттау саласында кәсіптік қызметте қолданылатын ақпаратты өңдеу және сақтау, компьютерде жинақтау тезникасын және технологиясын игергендігі туралы білімін көрсетеді.	сандық көрсеткіштерді және оларды анықтау әдістерін, ДӨШ стандарттау жүйесін, талдау әдістердің инновациялық түрлерін, бизнес-жоспарды, ДӨ аясында негізгі ғылыми зерттеу бағыттарын біледі. 2. Стандарттау саласында кәсіптік қызметте қолданылатын ақпаратты өңдеу және сақтау, компьютерде жинақтау тезникасын және технологиясын игергендігі туралы білімін көрсете алады.	сандық көрсеткіштерді және оларды анықтау әдістерін, ДӨШ стандарттау жүйесін, талдау әдістердің инновациялық түрлерін, бизнес-жоспарды, ДӨ аясында негізгі ғылыми зерттеу бағыттарын жетік біледі және талдайды. 2. Стандарттау саласында кәсіптік қызметте қолданылатын ақпаратты өңдеу және сақтау, компьютерде жинақтау тезникасын және технологиясын игергендігі туралы білімін толыққанды көрсете алады.

10.2	**Бағалау әдістері және критерийлері**		
Практикалық сабаққа арналған тексеру парағы			
№	**Бақылау түрі**	**Бағалау**	**Бағалау критерийлері**

1	**Ауызша бақылау**	Өте жақсы бағасы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%) сәйкес	Магистрант жауап беру кезінде қандай да бір қателіктер, дәлсіздіктер жіберген жоқ. Оқытылатын пән бойынша теорияны, концепцияны, бағыттарды жақсы біледі және оларға сын баға береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады.
		Жақсы бағасы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33; 70-74%) сәйкес	Магистрант жауап беру кезінде өрестел қателіктер жіберген жоқ, магистранттың өзімен түзетілген түбегейлі емес дәлсіздіктер немесе қателіктер жіберді, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйеге келтірді.
		Қанағаттанарлық бағасы C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 50-54%) сәйкес	Магистрант жауап беру кезінде түбегейлі емес дәлсіздіктер немесе қателіктер жіберді, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттерімен шектелді, материалды жүйе келтіруде үлкен қиындыққа тап болды.
		Қанағаттанарлықсыз бағасы FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%) сәйкес	Магистрант жауап беру кезінде түбегейлі қателіктер жіберді, тақырып бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс істеу толық жүргізілмеген. Пәннің ғылыми терминдерін қолдана алмайды, стилистикалық және қонымды өрескел қателіктер жіберді.
2	**Тест тапсырмаларын орындау**	Бағалаудың көпбаллдық жүйесіне сәйкес бағаланады.	
3	**Ситуациялық тапсырмаларды шешу**	Өте жақсы бағасы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%) сәйкес	Білім алушы жағдайды дұрыс бағалайды, мәселенің барлық аспектілерін талдайды және олардың ішіндегі ең маңыздыларын ажыратады. Барлық сандар мен фактілер есептеулермен және дереккөздерге сілтемелермен расталады. Барлық қойылған сұрақтарға жауап береді, кейсте ұсынылған мәселелерді шешудің оңтайлы және балама нұсқаларын

			ұсынады. Өз шешімін сенімді түрде дәлелдейді, оң және теріс сценарий бойынша болжам жасайды.
		Жақсы бағасы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33; 70-74%) сәйкес	Білім алушы жағдайды бағалайды, проблемаларды талдайды және олардан маңызды мәселелерді ажыратады. Сандар мен фактілерді есептеулер мен дереккөздерге сілтемелер растайды. Барлық қойылған сұрақтарға жауап береді, бірақ дәлсіздіктерге жол береді. Мәселелерді шешудің балама нұсқасын ұсынады. Өз шешімін дәлелдейді.
		Қанағаттанарлық бағасы C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 50-54%) сәйкес	Білім алушы жағдайды бағалайды, проблемаларды талдайды. Қойылған сұрақтарға толық жауап бермейді, дәлсіздіктер мен түбегейлі қателіктерге жол береді. Мәселелерді шешудің балама нұсқаларын ұсыну қиынға соғады. Өз шешімін әлсіз дәлелдейді.
		Қанағаттанарлықсыз бағасы FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%) сәйкес	Білім алушыға жағдайды бағалау, проблемаларды анықтау, жауаптарды тұжырымдау қиынға соғады. Қойылған сұрақтарға дөрекі қателіктер жібере отырып жауап береді. Өз шешімін дәлелдемейді.
ОДӨЖ/ДӨЖ-ге арналған тексеру парағы			
№	**Бақылау түрі**	**Бағалау**	**Бағалау критерийлері**
1	**Презентация дайындау**	Өте жақсы бағасы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%) сәйкес	Презентация өз бетінше 20-дан кем емес слайдты қолданылып, белгіленген уақытында орындалған. 5- тен кем емес әдебиеттерді қолданылған. Слайдтар мазмұнды және ықшамды. Қорғау кезінде магистрант тақырап бойынша терең білім көрсетті. Талқылау кезінде сұрақтарға дұрыс жауап берді

		Жақсы бағасы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33; 70-74%) сәйкес	Презентация өз бетінше 20-дан кем емес слайдты қолданылып, белгіленген уақытында орындалған. 5- тен кем емес әдебиеттерді қолданылған. Слайдтар мазмұнды және ықшамды. Қорғау кезінде магистрант тақырап бойынша жақсы білім көрсетті. Талқылау кезінде сұрақтарға дұрыс жауап беріп, принципиалды емес қателіктер жіберді, оны өзі дұрыстады.
		Қанағаттанарлық бағасы C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 50-54%) сәйкес	Презентация өз бетінше 20-дан кем емес слайдты қолданылып, белгіленген уақытында орындалған. 5- тен кем емес әдебиеттерді қолданылған. Слайдтар мазмұнды емес.. Сұрақтарға жауап беру кезіндепринципиалды қателіктер жіберді.
		Қанағаттанарлықсыз бағасы FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%) сәйкес	Презентация өз бетінше 20-дан кем слайдты қолданылып, белгіленген уақттан кеш орындалған. 5-тен кем әдебиеттерді қолданылған. Слайдтар мазмұнды емес. Сұрақтарға жауап беру кезінде магистрант өрекел қателіктер жіберді және өз материалмен хабардар емес.
2	**Эссе**	Өте жақсы бағасы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%) сәйкес	Білім алушы ойларды нақты және сауатты тұжырымдайды, ақпаратты құрылымдайды, негізгі ұғымдарды пайдаланады, себеп-салдарлық байланыстарды бөліп көрсетеді, тәжірибені тиісті мысалдармен суреттейді, өз тұжырымдарын дәлелдейді. Толық мәтінді дерекқорларда, деректерде, беделді басылымдарда орналастырылған ең өзекті жарияланымдар/зерттеулер көрсетілген. Сілтемелер мәтінде сандармен дәйекті түрде көрсетілген. Эссе ұқыпты орындалған, а4 форматында ұсынылды, Times New Roman

			шрифті, қаріп өлшемі 14, шеттері жоғарыдан, оңнан, төменнен 2 см, солдан 3 см. беттер саны 2-ден 5-ке дейін басылған беттер (300-ден 1000 сөзге дейін). Эсседе барлық негізгі бөлімдер көрсетілген
		Жақсы бағасы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33; 70-74%) сәйкес	Білім алушы ойларды сауатты тұжырымдайды, ақпаратты құрылымдайды, негізгі ұғымдарды пайдаланады, өз тұжырымдарын дәлелдейді, ақпараттылықты көрсетеді. Шектеулі дереккөздерден алынған толық мәтінді дерекқорларда орналастырыл-ған жарияланымдар/ зерттеулер көрсетілген. Мәтіндегі сілтемелер кемінде 5 әдеби дереккөзі бар сандармен дәйекті түрде көрсетілген. Эссе ұқыпты, бірақ дизайндағы кейбір техникалық кемшіліктер бар. Беттер (немесе әріптер) санында шамалы ауытқулар бар. Эссе барлық негізгі бөлімдері көрсететілген.

		Қанағаттанарлық бағасы C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 50-54%) сәйкес	Білім алушы ойларды еркін тұжырымдайды, негізгі ұғымдарды қолданады, өз тұжырымдарын дәлелдейді. Интернетте жалпыға қол жетімді жарияланымдар/ зерттеулер көрсетілген. Толық мәтінді мәліметтер базасы, беделді басылымдар іс жүзінде қолданылмайды. Дереккөздердің көп бөлігі эссе тақырыбына жатпайды. 5-тен аз әдеби көздер пайдаланылды. Эссенің дизайндағы техникалық кемшіліктері бар. Беттер (немесе әріптер) санында айтарлықтай айырмашылық-тар байқалады. Эссе барлық негізгі бөлімдерді қамтымайды.
		Қанағаттанарлықсыз бағасы FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%) сәйкес	Білім алушы өз ойларын тұжырымдай алмайды және өз тұжырымдарын дәлелдей алмайды. Толық мәтінді мәліметтер базасы, беделді басылымдар іс жүзінде қолданылмайды. Дереккөз-дердің көп бөлігі жоба тақырыбына жатпайды. 5-тен аз әдеби дереккөз пайдаланылды. Композиция абайсызда орындалды, дизайн айтарлықтай техникалық кемшіліктерге ие. Беттер (немесе әріптер) санында елеулі ауытқулар белгіленеді, барлық негізгі бөлімдер көрсетілмеген, пропорциялар сақталмаған.
3	**Ғылыми мақалаларды талдау**	Өте жақсы бағасы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%) сәйкес	Білім алушы мақаланың мақсатын, зерттеу сұрағын, теориялық негізі мен әдістемесін терең түсінгендігін көрсете алады.Зерттеудің күшті және әлсіз жақтарын, шектеулерін, ықтимал қателік көздерін, этикалық аспектілерін анықтай алады. Мақаланың қазіргі ғылыми әдебиеттегі маңыздылығын бағалайды. Қолданылған зерттеу

			әдістеріне сауатты әрі негізделген сын айтып, нәтижелерді дұрыс интерпретациялайды. Мақаланы басқа ғылыми еңбектермен салыстырып, оны кеңірек академиялық дискурсқа енгізе алады.
		Жақсы бағасы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33; 70-74%) сәйкес	Білім алушы мақаланың мақсатын, зерттеу сұрағын, теориялық негізі мен әдістемесін терең түсінгендігін көрсете алады. Зерттеудің күшті және әлсіз жақтарын, шектеулерін, ықтимал қателік көздерін, этикалық аспектіле-рін анықтауда түбегейлі емес дәлсіздіктер немесе қателіктер жіберді. Мақаланың қазіргі ғылыми әдебиеттегі маңыз-дылығын бағалайды. Қолда-нылған зерттеу әдістеріне сауатты әрі негізделген сын айтып, нәтижелерді дұрыс интерпретациялайды.
		Қанағаттанарлық бағасы C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 50-54%) сәйкес	Білім алушы мақаланың мақсатын, зерттеу сұрағын, теориялық негізі мен әдістемесін терең түсінгендігін көрсетуге қиналады.Зерттеудің күшті және әлсіз жақтарын, шектеулерін, ықтимал қателік көздерін, этикалық аспектіле-рін анықтауда қателіктер жібереді. Қолданылған зерттеу әдістеріне сауатты әрі негізделген сын айтып, нәтижелерді дұрыс интер-претациялауда қиындыққа тап болады.
		Қанағаттанарлықсыз бағасы FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%) сәйкес	Білім алушы мақаланың мақсатын, зерттеу сұрағын, теориялық негізі мен әдістемесін терең түсінгенді-гін көрсете алмайды. Зерттеу-дің күшті және әлсіз жақтарын, шектеулерін, ықтимал қателік көздерін, этикалық аспектіле-рін анықтауда өрескел қателік-тер жібереді. Мақаланың қазіргі ғылыми әдебиеттегі маңыздылығын бағалай алмай-ды. Мақаланы басқа ғылыми еңбектермен салыстыруда үлкен қиындыққа тап болады.
Аралық аттестаттау			

№	Бақылау түрі	Бағалау	Бағалау критерийлері
1	Ауызша бақылау	Өте жақсы бағасы A (4,0; 95-100%); A- (3,67; 90-94%) сәйкес	Магистрант жауап беру кезінде қандай да бір қателіктер, дәлсіздіктер жіберген жоқ. Оқытылатын пән бойынша теорияны, концепцияны, бағыттарды жақсы біледі және оларға сын баға береді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданады.
		Жақсы бағасы B+ (3,33; 85-89%); B (3,0; 80-84%); B- (2,67; 75-79%); C+ (2,33; 70-74%) сәйкес	Магистрант жауап беру кезінде өрескел қателіктер жіберген жоқ, магистранттың өзімен түзетілген түбегейлі емес дәлсіздіктер немесе қателіктер жіберді, оқытушының көмегімен бағдарламалық материалды жүйеге келтірді.
		Қанағаттанарлық бағасы C (2,0; 65-69%); C- (1,67; 60-64%); D+ (1,0; 50-54%) сәйкес	Магистрант жауап беру кезінде түбегейлі емес дәлсіздіктер немесе қателіктер жіберді, оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттерімен шектелді, материалды жүйеге келтіруде үлкен қиындыққа тап болды.
		Қанағаттанарлықсыз бағасы FX (0,5; 25-49%) F (0; 0-24%) сәйкес	Магистрант жауап беру кезінде түбегейлі қателіктер жіберді, тақырып бойынша негізгі әдебиеттермен жұмыс істеу толық жүргізілмеген. Пәннің ғылыми терминдерін қолдана алмайды, стилистикалық және қонымды өрескел қателіктер жіберді.

Білімді бағалаудың көпбалдық жүйесі

Әріптік жүйемен бағалау	Баллдардың сандық эквиваленті	Пайыздық мазмұны	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A -	3,67	90-94	
B +	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B -	2,67	75-79	
C +	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C -	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D-	1,0	50-54	
FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

11.	Оқу ресурстары	
Электрондық ресурстар, соның ішінде, бірақ онымен шектелмейді: мәліметтер базасы, анимациялық		• Электронная библиотека ЮКМА - https://e-lib.skma.edu.kz/genres • Республиканская межвузовская электронная библиотека (РМЭБ) – http://rmebrk.kz/

симуляторлар, кәсіби блогтар, веб-сайттар, басқа электронды анықтамалық материалдар (мысалы: видео, аудио, дайджест)	• Цифровая библиотека «Aknurpress» - https://www.aknurpress.kz/ • Электронная библиотека «Эпиграф» - http://www.elib.kz/ • Эпиграф - портал мультимедийных учебников https://mbook.kz/ru/index/ • **ЭБС IPR SMART** https://www.iprbookshop.ru/auth • информационно-правовая система «Заң» - https://zan.kz/ru • Medline Ultimate EBSCO • eBook Medical Collection EBSCO Scopus - https://www.scopus.com/
Электрондық оқулықтар	1. Сағындықова, Б. А. Дәрілердің дәріханалық технологиясы [Электронный ресурс] : оқулық / Б. А. Сағындықова, Р. М. Анарбаева. - Электрон. текстовые дан.(6,01МБ). - Шымкент : ОҚМА, 2018. - 512 бет. эл. опт. диск (CD-ROM). - 00. Тг. 2. Контроль качества и стандартизация лекарственных средств [Электронный ресурс] : методическое пособие / под ред. Раменской Г. В., Ордабаевой С. К. - ; ГБОУ ВПО "Первый МГМУ им И. М. Сеченова". РГП на ПХВ "ЮКГФА". - Электрон. текстовые дан. (4.91Мб). - Шымкент : ЮКГФА, 2015. - 285 о+эл. опт. диск (CD-ROM). 3. Медициналық-биологиялық зерттеулердегі таңдап алу әдісі.Чудиновских В.Р., Абдикадыр Ж.Н., Еділбайқызы М. , 2016 ЦБ Aknurpress /https://aknurpress.kz/reader/web/1345 4. Гармонов, С. Ю. Контроль качества и стандартизация лекарственных средств и биологически активных соединений : практикум / С. Ю. Гармонов, С. А. Бахтеев, Я. Р. Валитова. — Казань : Издательство КНИТУ, 2022. — 124 с. URL: https://www.iprbookshop.ru/129139. 5. Мухамадияров, Р. А. Анализ фитосборов и других лекарственных форм с измельченными и порошкованными растительными компонентами : учебное пособие / Р. А. Мухамадияров, Д. Н. Шпанько, И. Н. Егорова. — Кемерово : Кемеровская государственная медицинская академия, 2008. — 92 с.URL: https://www.iprbookshop.ru/6106
Арнайы бағдарламалар	STATISTICA-Version 10 (StatSoft Inc, АҚШ)
Журналдар (электронды журналдар)	«Қазақстан фармациясы» және т.б.
Әдебиет	**Негізгі:** 1. Орынбасарова, К. К. Табиғи дәрілік қосылыстардың химиясы пәнінің зертханалық сабақтарына арналған қолданба [Мәтін] : оқу құралы / К. К. Орынбасарова, Г. С. Рахманова. - Алматы : TechSmith, 2024. - 300 с. 2. Орынбасарова, К. К. Руководство к лабораторно-практическим занятиям по химии природных лекарственных соединений : учебное пособие / К. К. Орынбасарова, Г. С. Рахманова. - Алматы : TechSmith, 2024. - 280 с. 3. Орынбасарова, К. К. Руководство к лабораторно-практическим занятиям по химии природных лекарственных соединений [Текст] : учебное пособие / К. К. Орынбасарова, Г. С. Рахманова. -

Алматы : TechSmith, 2023. - 280 с.
4. Газалиев, А. М. Система обеспечения безопасности и качества лекарственных веществ : учебник / А. М. Газалиев, С. К. Кабиева, Л. М. Власова. - Алматы : ЭСПИ, 2021
5. Контроль качества и стандартизация лекарственных средств : учебное пособие / под ред. Г. В. Раменской. - ; М-во образования и науки РФ. Рек. ФГАУ "Фед. ин-т развития оьразования". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2018. - 352 с
6. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясы. Т. 2. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2009. – 792 бет.
7. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік фармакопеясы. Т. 3. – Алматы: «Жібек жолы» баспа үйі, 2014. – 864 бет
8. Государственная Фармакопея Республики Казахстан. Т.3. – Алматы: Издательский дом «Жибек жолы», 2014. – 872 с.
9. Фармакопея США: USP 29. Национальный формуляр: NF 24. В 2 т. Т. 1 [Текст] : сб. стандартов: пер. с англ. - ; С разрешения Фармакопейной Конвенции США. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2009. - 1720 +эл. опт. диск (CD-ROM)
10. Фармакопея США. Национальный фомуляр: избранные обновления и все новые материалы с USP 29 - NF 24 по USP 33 - NF28 включительно: пер. с англ. - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2012. - 888 с
11. Гаврилов, А. С. Фармацевтическая технология. Изготовление лекарственных препаратов: учебник. - 2-е изд., перераб. ; Мин-во образования и науки РФ. Рек. ГБОУ ВПО "Первый Мос. гос. мед. ун-т им. И. М. Сеченова". - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2016. - 760 с.

Қосымша:

1. Контроль качества и стандартизация лекарственных средств: методическое пособие / под ред. Раменской Г. В., Ордабаевой С. К. - ; ГБОУ ВПО "Первый МГМУ им И. М. Сеченова". РГП на ПХВ "ЮКГФА". - Шымкент: ЮКГФА, 2015. - 285 с
2. Кузьменко, А. Н. Стандартизация лекарственного растительного сырья и растительных сборов методами ионо-эксклюзионной и газо-жидкостной хроматографии: монография / А. Н. Кузьменко, В. Ю. Решетняк. - Алматы: Эверо, 2017. - 120 с
3. Кейтлин , И. М. Проблемы высокоэффективной жидкостной хроматографии, валидации и трансфера аналитических методик в вопросах и ответах : монография / И. М. Кейтлин . - 1-е изд. - М. : ВИАЛЕК, 2019. - 224 с.
4. Келімханова, С. Е. Дәрілік өсімдік шикізатының фитохимиялық және тауарлық талдауы : мед. жоғары оқу орнының фарм. фак. мен фарм. колледждерінің студенттеріне арналған оқу құралы / ҚР денсаулық сақтау министрлігі; С. Ж. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ. - Қарағанды : ЖК "Ақнұр", 2014. - 186 бет.
5. Плисов, В. А. Новейший справочник фармацевта: справочное издание / В. А. Плисов, С. Н. Березина. - М. : "Дом Славянской Книги", 2013

12.	**Пән саясаты**

Магистранттарға қойылатын талаптар: сабаққа қатысуы, тәртібі, бағалау саясаты, айыппұлдар,

ынталандыру шаралары және т.б.

1. Сабақ кестесі бойынша барлық тәжірибелік сабақтарға қатысу;
2. Сабаққа кешікпеу;
3. Сабақта арнайы киім кию (халат, қалпақ);
4. Сабақтарды өткізбеу, сырқаттанған кезде анықтама жеткізу;
5. Келмеген сабақтарды оқытушы белгілеген уақытта өтеу;
6. Оқу үдерісінде белсенді қатысу;
7. Топтың ішінде жұмыс істей алу;
8. Академияның ішкі ережелерін және тәртіп сақтау;
9. Үй жұмыстарын және БӨЖ уақытылы және нақты орындау;
10. Оқытушылармен және курстас білім алушылармен жақсы қарым-қатынаста болу; кафедраның мүліктерін құртпау.
11. Өзге студенттер мен оқытушыларға төзімді, ашық және достық қарым-қатынаста болу;
12. Кафедра мүлкіне мұқият қарау.

БӨЖ-ді уақтылы тапсырмағаны үшін айыппұл балдары енгізіледі - БӨЖ 2 балға төмендетіледі. Емтиханға жіберу рейтингі практикалық сабақтың, БӨЖ аралық бақылаудың орташа балынан құралады, пән бойынша емтиханға жіберу рейтингісінің қорытынды рейтингі кемінде 50 балды (60%) құрауы тиіс.

13.	**Академияның моральдық-этикалық құндылықтарына негізделген академиялық саясат**
	Академиялық саясат. 4-т. Білім алушының ар-намыс кодексі
	Пән бойынша баға қою саясаты: ➢ Пән бойынша қорытынды бақылауға жіберілетін рейтинг бағасының орташа мәні практикалық сабақтың орта баллының, БӨЖ, аралық бақылаудың орташа мәнінің қосындысынан тұрады. Пән бойынша емтиханға жіберілетін рейтинг бағасы 30 балдан (60%) төмен болмауы тиіс.
14.	Бекіту және қайта қарау

Кітапхана- ақпараттық орталығымен келісілген күні	Хаттама № 7 от 25.06.25	Кітапханалық-ақпараттық орталығының басшысы Дарбичева Р.И.	Қолы
Дәрілер технологиясы және фармакогнозия кафедрасының мәжілісінде бекітілген күні	Хаттама № 10б 26.06.2025 ж.	Кафедра меңгерушісі фарм.г.д, профессор Сағындықова Б.А.	Қолы
«Магистратура және докторантура деңгейлері бойынша» БББ АК мақұлданған күні	Хаттама № 12 27.06.2025 ж.	«Магистратура және докторантура деңгейлері бойынша» ҰАК төрайымы фарм.г.к, профессор м.а. Орынбасарова К.К.	Қолы